



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 ақпандағы N 214 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 тамыз N 1022. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.01.11. N 39 қаулысымен. ~ P020039

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі жөніндегі іс-шараларды орындауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезеңіне Женева қаласында (Швейцария Конфедерациясы) I хатшы лауазымындағы Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің өкілі көзделсін.

2. "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2001 жылғы 9 ақпандағы N 214

P010214\_

қаулысына мынадай

өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Министрліктердің, агенттіктердің және ведомстволардың қызметкерлері штат санының лимиттеріндегі:

реттік нөмірі 12-жол мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"бұдан басқа:

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Женева қаласындағы (Швейцария Конфедерациясы) өкілі \_\_\_\_\_ 1".

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК